

Ашық сабақ

Маңғыстаудың  
жануарлар дүниесі



А С П И Й

М А Н Ғ Ы С Т А У

О Б Л Ы С Ы

Қарабұғаз-Голшығанағы

Сарықамыс

Қарағой

Прорва

Опорный

Қаламқас

Қаражанбас

Қызылсай

Бейнеу

Шетпе

Сайөтес

МАНҒЫСТАУ АҚТАУ

Жетібай

Қызылсай

Сенек

Тенге

Жанаөзен

Құрық

Ақсу

Ақтүмсық


Мақсаты:

Маңғыстаудың жануарлар  
дүниесімен танысу.



Маңғыстау облысы жануарлар дүниесіне бай.

# Бауырымен жорғалаушылар



# Дала тасбакасы



Маңғыстау облысының аймақтарында кең тараған. Маңғыстау облысында тасбақаның 2 түрі кездеседі. Олар Каспий тасбақасы және Ортаазиялық тасбақа. Құмды және далалы, аласа таулы жерлерде және оазистерде кездеседі. Ыстық күндері белсенді қозғалады. Карапаксасының ұзындығы 30 см, сауытының түсі жоғарғы жағы – сұрғылт жасыл, төменгі жағы сары. Саусақтарында ұзын тырнақтары бар.

# Дала ешкіемері

Дала ешкіемері немесе бұғақты ешкіемер – ешкіемерлер тұқымдасына жататын бауырымен жорғалаушы. Денесінің ұзындығы 12 см, салмағы 45 г. Сұр қоңыр түсті, оның қабыршағы қатты тікенді, басы денесінен айқын бөлінген. Ол жәндіктермен, өрмекшілермен, өсімдік жапырақтарымен, гүлдерімен қоректенеді.



# Каспий гекконы

Денесінің ұзындығы 16 см.  
Денесінің түсі ақшыл сұр.  
Терісі бұжырмақты ромбы  
тәрізді қабыршақтары бар.  
Бұлар эндемик тек қана  
Маңғыстау жарты аралында  
кездеседі.



# Кәдімгі сужылан



Бұлардың ден тұрқы орташа мөлшерлі. Денесінің ұзындығы 150 см. Түсі қара – көк. Кәдімгі сужыландар Маңғыстау жарты аралының тек қана Солтүстік Үстірт территориясында және Голубая бухтада таралған.



# Сарыбас сужыланы

Бұлардың дене түрқы орташа. Ересек особьтардың денесінің ұзындығы сирек 1 м-ге жетеді. Денесінің арқа жағы нәзік, қоңыр жасыл (кейбіреулерінде сұрғылт жасыл). Денесінің төменгі жағы ақшыл сары. Қабыршақтары жақсы айқындалған, улы емес. Маңғыстау жарты аралының барлық жерінде кең таралған.



# Құстар әлемі

*В.С. Залетаевтың мәліметі бойынша, Қазақстанда кездесетін 478 құстардың түрінен Маңғыстау облысында тіршілік ететін 286 құстардың түрі бар, оның 22-сі заңды түрде қорғалады. Каспийде жыл құстарының саны 10 – 12 млн – ға жетеді.*




# Ысылдақ аққу



Ысылдақ аққу - жыл құсы болып табылады. Олар жазық жерлердегі суларда ұя салады. Олардың тұмсығы сарғыш қызыл, тұмсық негізінде қара өсіндісі бар. Тұмсығының ұшы қара. Қанат ұзындығы 550 мм-ден артық. Маңғыстауда Каспий теңізінде және Қаракөл көлінде қыстайды.

# Қарабас шағала

Басқа шағалаларға қарағанда бұлар денесінің кішілігімен ерекшеленеді. Массасы – 300 г. Қатты дыбыс шығарады. Теңізде, құрлықта қоректенеді. Көбінесе бунақ денелілерді қорек етеді. Каспий теңізінің шығыс жағалауында, Маңғыстаудың жарты аралы мен аралдарында кездеседі.



# Үлкен қарқылдақ

Үлкен қарқылдақ – біздегі қарқылдақтардың ішіндегі ең ірісі, қанатының құлашы 111 см. Ал салмағы 500 – 600 г. Сырт пішіні: тұмсығы үлкен және аяқтары қара түсті. Қаракөл көлінде және Каспийде тіршілік етеді. Көбінесе тұзды көлдерде тіршілік етеді.



# Айдарлы бозторғай



Айдарлы бозторғай – құмды шөлдерде, шөл және шөлейт жерлерде, тау аңғарларында кең тараған. Денесінің өлшемі біртекті. Басында айдары бар, құйрығы қара, шеткі бағыттаушы қанаттары сарғылт қоңыр түсті. Маңғыстаудың кез – келген жерінен кездестіруге болады.

# Каспий шүрілдегі

Каспий шүрілдегі – шөл балшықшысы. Салмағы 90 – 100 г. Ол тез жүгіреді, жер бетіне екпіндей ұшады. Денесінің үсті сұр-сарғылт, төменгі жағы ақ түсті. Маңғыстауда Каспий теңізінде, Тамшалыда, Қаракөлде көп кездеседі.



# Сүтқоректілер класы

Сүтқоректі жануарлар – омыртқалы жануарлардың ішіндегі ең жоғарғы сатыда дамыған тобы. Жер шарында қазіргі кезде сүтқоректілердің 19 отряды, 4 мыңға жуық түрлері бар. Қазақстанда бұл кластың 8 отряды, 178 түрі бар.

2008/06/02 13:20



# Ақбөкен



Бұлар ірі және шымыр денелі, аяқтары сымбатты және ұзын болатын жануарлар.

Денесінің ұзындығы 108 – 146 см, салмағы 21 – 51 кг.

Денеснің түсі қыста бозғылт сұр, бауырымен төсі ақ.

Бозашы жартыаралы мен Маңғыстау тауларында және Үстірт жондарында таралған.

# Үстірт арқары

Бұлар ірі жануарлар.  
Денесінің ұзындығы 120 – 150 см, салмағы 200 кг.  
Мүйізінің аумағы 21 – 30 см.  
Бұлар эндемик жануарлар болып келеді, тек Маңғыстау облысы аймағында кездеседі.  
Маңғыстаудың таулы аймағына бейімделген, сонымен қатар батыс және оңтүстік Үстірт шыңдарында кездеседі.



# Құлан



Бұлар ірілеу, жылқылардан сәл кішілеу жануарлар болып келеді. Сыртқы түрі есекке ұқсас, салмағы 250 – 300 кг. Денесінің түсі жирен сары. Барсакелмес аралынан Маңғыстау жарты аралына Ақтау, Бозащы территориясына мемлекеттік қорыққа жерсіндіру мақсатында әкелінген.

# Шиебөрі

Дене пішіні кішілеу, қасқар туысы. Ұзындығы 80 – 90 см, салмағы 9 – 12 кг. Шөлді және шөлейтті жерлерде тіршілік етеді. Қырғауыл, үйрек, ондатр, қоян, тышқандармен қоректенеді.



# Қосаяқ



Қосаяқтар кеміргіштер тобына жатады. Артқы аяқтар алдыңғы аяқтарынан 3 – 4 есе үлкен. Ірі қосаяқтар 3 м-ге дейін секіреді. Денесінің ұзындығы 26 см, құйрығы 30см. Қосаяқтардың негізінен 30 түрі бар, Қазақстанда 14 түрі бар. Ол шөлді және далалы жерде тіршілік етеді.

# Құмтышқандар

Дене пішіні орташа, денесінің ұзындығы 11 – 12 см, салмағы 20 – 200 г.

Қазақстанда 4 түрі кездеседі.

Үлкен, қызылқұйрық, кіші, жыңғыл құмтышқандары.

Шөл және шөлейтті жерлерде таралған.

Маңғыстаудың кез – келген жерінен кездестіруге болады.



# Каспий итбалығы

Каспий итбалығы – ірі, ұзындығы 1,5 м, салмағы 50 – 60 кг, қалақаяқты сүтқоректі. Олар қаңтарда қатты аяз болғанда мұз шетіне аналықтары ұрпақ әкеледі. Олар жазда оңтүстікке, қыста қайтып солтүстікке оралады. Олар маңғыстаудың эндемик жануарлары болып келеді.

